● *АЙТАР МЕЗЕТ*

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ ТӨРІҢІЗДЕ дегенмен...

Бала күнімізде апаларымыз айтатын ертегілерден "ұшар кілем", "жалғыз көзді дәу", "тау қопарғыш" дейтін терминдерді жиі естіп өстік. Қазіргі күнде олар аса таңсық емес. Себебі, соңғы жылдардағы ғылымның жаңалығы адамды таңғалдырады. Әне, спутниктік антенна арқылы робот тау қопарғыштарды да, жалғыз көзді дәудің де түр-түрін көре аласыз.

Бұл күндері әрбір үйдің шатырына орнатылған, төртқұл дүниенің төрт бұрышындағы ғаламаттардан сусындататын спутниктік тәрелкелер тұрғындардың бәсәкелесе сатып алатын тауарына айналып отыр. Ал, оның ұрпақ болашағына балта шабатын қатерін ескеріп жатқан ешкім жоқ. Тұрғылықты қазақтар оның тілін батыска бағыттап, Еуропа әлемінің атыс-шабыска толы азғындаған фильмдерімен жас өркеннің санасын уландырса, Қытайдан келген қандастарымыз тәрелкенің тілін шығыска бағыттап, қытайдың күйбең тірлігін тамашалап отырғанын көргенде қарныңыз ашады.

Өткенге көз салсақ, екі жүз елу жыл орыстың билігінде болып, қорланудың ащы дәмін әбден татып, күлкімізден күніренуіміз көп болған халықпыз. Ал, Қытайдың саясаты мамыражай болса ата жұртты ансап жетіп нең бар еді?!

Ортамызда шет ел дөкейлері мен Қытайдың әкімдерінің атын жатқа білетін, ал өз елінің министрлерінің кім екендігін білмеуі былай тұрсын, күн сайын болып жатқан оң өзгерістерден хабарсыз қарашоқылардың қатары көбейіп бара жатқаны бізді алаңдатады? Елімізде ешқандай жағымды жаңалық болмайтындай-ақ, үш қазақтың басы қосылған жерде орыста анау болыпты, Қытайда мынау болыпты дейтін татымсыз әңгімелерден құлағың жауыр болады. Жуырда ғана Талдықорған қаласында болып өткен "Жетісу аруы" байқауында "Мәсімов кім?" деген сұраққа жауап таба алмаған қаракөз бір бойжеткеніміздің түсінігі адамды ойландырады. Бұл спутник дәуірінің мәңгүрттігі емей не?

Әркім өз тауының биік болуын арман дайды. Сондықтан әр елдің телебағдарламасы да сол жердегі өмірдің айнасы, ол өз елінің кеңесі кең болуы үшін қызмет етеді. Мен озық ойлы теленөмірлерді тамашалауға қарсы емеспін, алайда, қазақ жастары еліміздің күнделікті тыныс-тіршілігінен бір сәт болса да хабар тауып, өз жерінің өмірі өрнектелген теленөмірлерден көзайым болып отырса, нұр үстіне нұр болар еді. Біздің студиялар даярлайтын телебағдарламаларымыз да жетіп жатыр ғой?

Талдықорған қаласының өзінде тоғыз телеарна өз көрермендеріне көңілді нөмірлерін тарту етіп келеді. Күн сайын эфирге шығатын жаңалықтарды айтпағанда, ұлттың рухын серпілтетін "Аламан айтыс", "Той-бастар" телешоуы, төртқұл дүниеден сыр шертетін "Төртеу түгел болса", "Дода" телепікірсайыстары, құқығың мен күн көрісіңе жөн сілтейтін "Сіз құқылысыз", "Талап пен тәртіп", бала тәрбиесіне бағытталған "Еркетай", жастар өмірінен сыр шертетін "XXI ғасыр көшбасшысы", "Азамат", қорғансыз жандардың жанашыр жақыны болған "Аялы алақан", имандылыққа жетелейтін "Иманашар", тағы баска да бағдарламалардан іздеген сұрағыңа жауап таба аласың.



Халқымызда "Есті жігіт елін табар, ессіз жігіт жаттың отын жағар" дейтін қағида бар. Өзгенің шашбауын қанша көтергеніңмен ол өзіңдей болмайды ғой. Алдымен өзімізді түсінуге, білуге тырысайық.

Қажет АНДАС

●АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН

КӘМІЛ СЕНЕМІН

Өмір болған соң, тіршілік-леріне орай қабылдаған, күшіне енетін заңнамалардың барлығы Ата Заңымызға сәйкестендірілген. Бұл – талап. Рас, өзгермейтін дүние жоқ.

Заманына қарай заңы шығып жатады. Кеңестік дәуірде бұғанамыз бекімей жатып, Шоқан Ата тағзым ұстадық. Құдайға тәубе, одан заман болғанымыз жоқ. Еңбегіміз жанды. Заман өзгерді. Еліміз ег-емендігін алып, Қазақстан Республикасы тәртіпул дүниеге Тәуелсіздігін паш етті. Мемлекетіміздің біртұтастығын қамтамасыз ету, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қорғау үшін Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясын республикалық референдумда қабылдап, күшіне енгіздік. Осы Ата Заңымыздың 6-бабы 1-тармағында: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады» деп анық, жазылған тұжырымға сүйеніп, кеңестік дәуірде өзіміз баққан бір отар қойды алғашында жалға, кейін жекеменшікке шығарып алып бастық.

Аталарымыз «Еңбек етсең емерсің» деп бекер айтпаған ғой. Уақыттан сынаспай еңбектендік. Бүлжерде айтайын дегенім, жалғыз мен ғана емес, жұздеген, тіпті мыңдаған қазақстандықтардың осы қалыпқа жетуіне Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі ерен. Бірде сәті түсіп жолыққанымда «Жекемен-шігіңіздегі бес жүз қойыңыздың бес мың басқа жеткізуге болма ма?» деген еді. Сол сөз маған алапат күш берді. Біле білсек, алдыға қойған мақсатымызға жетуімізге, қолға алған қандай да бір жұмысымыздың алынуына, жүргізгіміз Ата Заңымыз кепіл болды, бола да беретініне кәмілсенемін!

Жолсейіт МОЛДАСАНОВ, Еңбек Ері.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ



Аядыс ОМАРАҚЫН, ақын, тарихшы, ҚҚР Жазушылар одағының мүшесі.

Салттан аттап кетсек егер,
Жұрт қарғысы дерт боп өнер.
Атқарайық ата салтын,
Текин тапса текке берер.

ҚЫЗҒАНЫШ

Баскалардан алғанын көп не менің,
Неге ғана көп істем шекпеймін.
Ой, атаның артынан алдарқатып,
«Досқа бол жүргін талайға өкпелеідім.

Бір сұмдығын жасырып бүйіріне,
Қарап тұрсаң шертетін күйі мінеп.
Кей ағайын бір қотан сөз қылады,
Кіресіз көйлек ілсең де иінне.

Оныңына титтей де намыстанбай,
Өзі иілік көрсе жөн табыстан бай.
Қиғысы жоқ зәредей көрсе сағын,
Жылт етпенің көзінен қазбе қалмай.

Жалғыз сөзің көңілге жазпаса да,
Тас атады бас бағып, нақ тасада.
Үлкен айып тартқандай қиналадың,
Екі ешкінің бірі етті лақтаса да.

Ағайынын осындай дертін бар-ақ,
Ойланып қой өмірге еркін қарап.
«Ағайынның ағы осып келгенінше,
Ауыздастың тайы оқсын» дейтін қазақ.

ҚЫЗЫЛ БІЛ

Шертпізе егер бір әңгіме сұ жайлы,
Ыстық ағын бойымызда тұлайым.
Қайыра сап шаруаларын ынғайлы,
Барлық адам мәжіліспен тынданды.

Құбырымыз тоқтағанға екі күн,
Бөлдық сусыз жыл кешкендей жеті мың.
Кіріп кеткен сияқты бол қалдық-ау,
Айқара ашып ақыр заман есігін.

Кететін су болмаған соң сиырып,
Сыпырынды бұрыштарға үйілін.
Дем алдырмай қолқанды да қабалы,
Қапырық бір сасық ауа үйіріп.

Бір минутқа болмаса су шықпаған,
Кетеді екен бар тіршілік сусырап.
Су болмаса құба жонға құт қонып,
Жайлаудың емес екен тыл тұрақ.

Су – жан тамыр, су – айтылар жыр бұғын,
Шертте алады өзегі толған жырды кім?
Осы сүмең техниканы меңгеріп,
Қыр басына іздік өнер жұлдызын.

Айта алмаймыз, әрине, біз көпке сын,
Суға мол қол кейбіреулер тектесін.
Ей, адамзат, ақылдың бір айтарын,
Бір тамшы су сыраң болып кетпесін.



Қажыбек ТҰЯҚБАЙ, ақын, жазушы. ҚҚР Шығыс жазушылар қоғамының мүшесі.

Асан ата –абызым

Асан ата [illegible] ғасырдың
Майлысынан [illegible] тәсілінде,
«Майы шығ[illegible] жер мынау»
Деген екен[illegible] өзінде
Жақсының [illegible] сөзі алтын,
Сөзі алтын[illegible] өмеңгер.
Айналасы[illegible] бір тұған ер.
Мың жыл[illegible] ұлы бал,
Тұғі кілем[illegible] тұрған ел.
Майы шы[illegible] ғасырда
Береке[illegible] ғалған айдын көл.
Шалқып [illegible] асырып,
Сылтанат[illegible] ағесі.
Ақордан[illegible] өлеңгер.
Берктеге[illegible] ілгері,
Арулары[illegible] сері.
Жігіттер [illegible] ел бай,
Жер бойы[illegible] ғілді.
Көркіне [illegible] ғілді.
Міне, осы[illegible] ң негізбен,
Ешкімнен[illegible] дегізбен,
Ден умыт[illegible] ғылым шәртпен,
Ал көнекө[illegible] м тоқтар?!
Аспан құз[illegible] үспейді,
Егер түссе[illegible] ғілім бар.
Тік тұрғы[illegible]

Жетіөға

Майы шы[illegible] майының,
Тестігі ме[illegible] Жетіөға?
Шұғыласы[illegible] күнің,
Үлесі мол [illegible] ғінен.
Жанат жы[illegible] Жетіөба,
Жеті жұлдыз[illegible] секілді.
Аспан алы[illegible] ар айна,
Көргендейсіз[illegible] көркінді.
Бейне, әсем күй басы,
Күп әсемнің[illegible] мбірі.
Ана өлеңнің[illegible] өмгендей,
Дәнді алқаптың күн күлкі.
Қоңыр желге[illegible] айналып,
Көк бетегеге[illegible] қайқасын.
Тәрт түлігің[illegible] ің есің,
Ел көңілі жарқ[illegible]ын.

Табиғат

Әр мезгілдің өзінің,
Ақтаны бар, оты бар.
Күн сияқты көзінің,
Кейде түнек бұлты бар.

Тіршілікті бір ағыз,
Алма-кезек құлпырып,
Көшкен жұртпай тап-тақыр.
Баяғыдағы деп жүргенде,
Бақ та көйде алмасар.
Сорланғыңа деп білгенде,
Қайта дананың қауыпар.
Сүю деген немене,
Шын сезімді білмесең.
Күлу деген немене,
Күйінуді білмесең.
Жылап тұрып күлгеннен,
Қалайсың деп сұрама.
Күлып тұрып білмеуден,
Сұмдық бар ма сіра да.

Облыс орталығы Талдықорған қаласында тамыз айының 25-і мен қыркүйектің 22-сі аралығында Қазақстан халқы тілдерінің айлығы аясындағы дәстүрлі шаралар өтуде. Тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен жыл сайын іске асырылып жүрген байқаудың бірі «Тілдарын – 2009» олимпиадасы да өз мересіне жетті.

ТІЛДЕРДІҢ ҮШ ТҰҒЫРЛЫҒЫ



СУРЕТТЕ: қазылар алқасының төрағасы Орынбай ШӘЙКЕНОВ бас жүлдегер Гүлден ІЛҚЫЛАСБАЕВАНЫ құттықтауда.

Бейсенбі күні «Мемлекеттік тілді оқыту орталығында» өткен байқауға аудандар мен қалалардан тілге жүйрік өрендер қатысып, бақ сынасты. Байқаудың мақсаты – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтап, оларға қолдау көрсетумен бірге, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көптілді меңгерген тұлғаны тәрбиелей отырып, қазақстандық патриотизмді нығайту болып саналады. Сонымен бірге тіл басқа болса да, тілегі бір, жүзі басқа болса да, жүрегі бір деп бауырымызға басқан өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу. «Ақыз, қара, сарымыз, тыссқанбыз бәрімізді» деп көптеген ұлттар мен ұлыстарға термиздей орын беріп қана қоймай, алшақ басып, асқақтап жүруіне мүмкіндік берген қазаққа ғана тән, даламызға ұқсас дархандығымыз болар. Тіл айлығы аясында өткен бұл шара «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20 жылдығына және «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыру мақсатында жолға қойылған болатын. Байқауға аудандар мен қалалардан және облыстық мекемелерден 18 бен 30 жас аралығындағы 20 талапкер қатысты. Олар төрт тапсырма бойынша сынға түсті. Ең алдымен берілген бір тақырыпта шағын әңгіме жазса, келесі кезекте ұсынылған тақырыпқа «тұсау кесер» (жарнама) жасады, үшінші алған тақырыбы бойынша баспасөз мәслихатын өткізіп, төртінші тапсырмада мәтінге ілеспе аударма жасап, шеберліктерін көрсетті. Үш тұғырлы тіл дегенімізбен шараның негізгі мақсаты ана тіліміздің абыройын асқақтату болып табылады. Ұлттың болуы үшін бірінші шарт – тіл болуы. Ұлттың тіл кемі бастауы – ұлттың құрі бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауға тиіс" деген ұлт болашағын, ұрпақ қамын ойлаған Алаш арыстарының бірі Мағжан Жұмабаевтың сөзіне сүйенетін болсақ, қазақ тілінің тағдыры «Мен қазақпын» деген кез келген адамның азаматтық парызы екені даусыз. Тіл мәселесі бұқаралық ақпарат құралдарында айғайлап айтылып, ашына жазылып жүрсе де кейбір намысы жоқ, рухы пәс қандастарымыздың селт етпей келе жатқандығы жаныңды ауыртады. Неге болса да сабырлықпен қарап, шүкіршік қылудың арқасында жеңіске жетіп келе жатқан ел емеспіз бе. Ана тіліміздің де таңы арайлап атар. Сол күнді жақындатуға мұрындық болып, табанды еңбек етіп келе жатқан облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма ұжымына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Осы өтіп отырған байқауды да жақсылықтың нышаны деп қабылдадық.

Сонымен, «Тілдарын – 2009» байқауының басқарманың бөлім бастығы Орынбай Шәйкенов төрағалық ететін ұйымдастыру комитеті оның құрамында М. Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әлия Тәттімбетова мен Абай атындағы орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Элмира Рахымбаева сынды тіл мамандары қазылық жасады. Нәтижесінде жүзден жүйрек, мыңнан тұлпарлары озып шығып, жеңіс тұғырына көтерілді. Қорытындылай келгенде Орынбай Әубекіұлы кейбір тақырыптарда кетіңдеп қалғанымен, бәлтырға қарағанда деңгейінің жоғарылап, алға жылжыған бар екенін де жеткізді. Тереңаның айтуына қарағанда, қатысқан талапкерлердің көпшілігі қазақ тілінен ақсап, орыс тілін орап өтіп, ағылшын тілінен аяғын тұғанның айта келіп, қанша тілді білсең де аздық етпейтінін ескертіп, бірақ бірінші орында ана тілінің тұруы керек екендігін баса айтты. Жарыс қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға басқармалық Алғыс хаты мен сыйлықтар табыс етілді. Алғашқы орын алған талғарлық Гүлзира Әжіхеноваға арнайы диплом мен санды фотоаппарат табыс етілсе, екінші орынды қанжығасына байлаған қапшағайлық Мақпал Байжановаға бейнекамера сыйланды. Талдықорғанның атының қатысқан Меруерт Тойлыбаева бірінші орынды иеленіп, түрлі-түсті теледидарға қол жеткізді. Ал бас жүлде алған төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері Гүлден Ықласбаева арнайы дипломмен бірге компьютер және Астана қаласына өтетін республикалық байқауға жолдама алды.

Қазақстан халқы тілдерінің айлығы аясында өтетін шаралар осылай басталды. Алдағы күндері алдымызда бірнеше байқаулар өтпекші. Мұның бәрі ана тіліміздің абыройы үшін екені даусыз. Ұрпағымыздың рухы биік, ұлттық санасы оян болсын десек, тіл тағдырына немқұрайлы қарамайық, ағайын!

АЙ-ЗЕРЕ.

●БАЙҚАУ

БІЛІКТІЛІК БӘСЕКЕСІ

Жуырда Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастырушылық жергілікті мекемелік органдарда, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындарда қызмет істейтін мамандар арасында «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» облыстық байқауы болып өтті.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, "Жетісу"



Мемлекеттік мекемелерде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» ҚР Заңын, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды, мемлекеттік қызметкерлер арасында тіл саясатын насихаттауды, мамандардың іс жүргізудегі біліктілігі мен тәжірибесін сараптауды, олардың кәсіби біліктілігін арттыруды мақсат етіп бұл байқауға облыс аумағынан 27 адам қатысты.

Жылда өткізіліп жүрген «Үздік аудармашы» байқауын күрделендіріп, үміткерлерге қойылатын талаптарды арттыру үшін бұнғы байқау шарттарына қосымша тарулар енгізілгені белгілі болды. Осылайша үміткерлер: «Ресми құжаттарды аудару (күнделікті жұмыс барысында құжаттарды аудару сапасын анықтау); «Мемлекеттік тілде іс жүргізуге қатысты құжаттарды дайындау» (қаулы, бұйрық, өкім, шешім шығару); «Жаңа терминдер әлемі» (мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді білу деңгейі); «Қазақ сөзі» (әйгілі ғалымдар мен саяси қайраткерлердің мемлекеттік тілге қатысты сөздерін мысалға келтіру немесе Елбасы сөздерін, заңдар мен жарлықтарды, бағдарлама және т.б. қолдана отырып ұсыныс, ой-пікірін ортаға салу) номинацияларынан бойынша додаға түсті.

Әрине, байқауға қатысушылардың алдымен аудандарда іріктеуден өтіп, «жүлделі жұйрік» шыққандары облысқа жолдама алды дегеніміздің «мыңнан тұлпар» отағына да белгілі. Сол сияқты мемлекеттік қызметкерлер арасында әлі де болса шеберлігін шындай түсуі қажет ететін жандардың да бар екені белгілі болды. Ресми құжаттарды дозбарлап аудару, іс қағаздарын толтыруда емле қателері, сөздердің орнын ауыстырып алу, терминдердің мағынасын шатастыру сияқты олқылықтар кездесіп жатты. Сол сияқты тіл туралы әдемі ой өрбітіп, шиқ сөзімдерін өлеммен өрнектегендер де болды.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені (компьютер) Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша «Жетісу» өңірлік коліктік бақылау инспекциясының зан және қадр жұмысы бөлімінің бастығы Гүзияра Сәкбелова жеңіп алды. Бірінші орынды (теледидар) Қаратал аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гүлжамал Белкондинова иемденсе, екінші орын (сандық бейнекамера) Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Гүлнар Бітебековаңың қанжығасына байланды. Ал жүлделі үшінші орын (сандық фотоаппарат) Аксу ауданы әкімдігінің ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық және кадрлармен жұмыс бөлімінің бастығы Самалбек Нұрахметовтың еншісіне тиген. Жеңімпаздар іс қағаздарымен жұмыс жасағанда аса қажетті сөздіктермен және арнайы дипломдармен марапатталды. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ахмет Кендірбековұлы байқауға қатысушыларның бәрінде басқарма атынан «Алғыс хаттар» мен телефон аппараттарын табыс етті.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы облысының қаржы басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекіштегі объектілерін сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (арендаға) беру бойынша тендер өткізеді.

Тендер 2009 жылғы **«16» қыркүйекте сағат 15.00-де өтеді.**

Өткізілетін орны: Талдықорған қаласы, Жансүгіров к., 111-үй, 401 бөл.

Тендерге қойылатын жайлар:

1. Еңбекшіқазақ ауданы «Қаражота ауылдық әкімшілік» ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 58,5 ш.м.

2 Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылы «Ы. Алтынсарин атындағы орта мектеп» ғимаратындағы жайды, кәнсе заттарын сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері- 6 ш.м.

3. Үйғыр ауданы, Шонқы ауылы «Аудандық әкімшілік» ғимаратындағы жай суретке түсіру қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері- 20 ш.м.

4. Жамбыл ауданы, «Аудандық ауылшаруашылық бөлімі» ғимаратындағы жайды кәнсе заттарын сату және көшірме қызметін көрсету үшін пайдалануға .

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 7 ш.м.

5. Жамбыл ауданы «Аудандық қаржы бөлімі» ғимаратындағы жай кәнсе заттарын сату және көшірме қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері- 6 ш.м.

6. Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, «Аудандық орталық ауруханасы» ғимаратындағы жайды «Талғар медициналық колледжін» орналастыру үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

7. Қапшағай қаласы «Қалалық орталық ауруханасы» ғимаратындағы жайды «Талғар медициналық колледжін» орналастыру үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 25 ш.м.

8. Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, «Оқу өндірістік-комбинаты» ғимаратындағы жайды «Өлеңдер қолдау орталығын» орналастыру үшін пайдалануға .

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

9. Талдықорған қаласы «Қалалық емхана» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері –26 ш.м.

10. Панфилов ауданы «Көктал орта мектеп» ғимаратындағы жайды, кәнсе заттарын сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері– 6,5 ш.м.

11. Панфилов ауданы «Өлиеағаш орта мектеп» ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 51,98 ш.м.

12. Панфилов ауданы «Ш.Уәліханов атындағы орта мектеп» №1 жатақхана ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 36 ш.м.

13. Панфилов ауданы «Ш.Уәліханов атындағы орта мектеп» №2 жатақхана ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 36 ш.м.

14. Панфилов ауданы «Жаркент қалалық, округ әкімшілігі» ғимаратындағы жайды «Жәрдем – А Акционерлік қоғамын» орналастыру үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

15. Талғар ауданы «Аудандық орталық ауруханасы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

16. Талғар ауданы «Түздыбастау ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

17. Талғар ауданы «Бесағаш ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 17,3 ш.м.

18. Талғар ауданы «Бесағаш ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 10 ш.м.

19. Талғар ауданы «Қызыл Ту ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

20. Талғар ауданы «Нұра ауылдық аурухана» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

21. Талғар ауданы «Белбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

22. Талғар ауданы «Белбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 18 ш.м.

23. Талғар ауданы «Түлғалар ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 0 ш.м.

24. Талғар ауданы «Қызыл Қайрат ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20ш.м

25. Қапшағай қаласы «Қалалық ауруханасына» қарасты «Шеңгелді ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 30 ш.м.

Тендер шарттары: жылына 1 шаршы метр үшін жоғарғы бағада жалға беру төлемін қамтамасыз ету, жайды нәтижелі пайдалану, инвестиция енгізу.

Бір жылға жалдық төлемнің бастапқы мөлшері:

– аудан орталығында орналасқан күнделікті қажетті тауарлар сату үшін – бір шаршы метрге 2260 теңге.

– жергілікті жерлерде орналасқан күнделікті қажетті тауарлар сату үшін – бір шаршы метрге 1130 теңге.

– аудан орталығындағы орналасқан, кәнсе заттарын сату және көшірме қызметі үшін – бір шаршы метрге 753,4 теңге.

– жергілікті жерлерде орналасқан, кәнсе заттарын сату үшін – бір шаршы метрге 376,7 теңге.

– аудан орталығында орналасқан оқу орнын үшін – 1 шаршы метрге 602,7 теңге;

– Талдықорған қаласында орналасқан тіс емдеу қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 904,1 теңге;

– аудан орталығында орналасқан тіс емдеу қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 602,7 теңге;

– жергілікті жерлерде орналасқан тіс емдеу қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 301,3 теңге;

– аудан орталығында орналасқан қорғамдық ұйымдарын орналастыру үшін – 1 шаршы метрге 602,7 теңге.

– Жалға беру мерзімі бір жылдан екі жылға дейін.

Тендерге қатысуғы ретінде тіркелу үшін мына құжаттарды ұсыну керек:

– тендерге қатысу үшін өтінім;

– тендер шарттарына сәйкес объектіні пайдалану туралы ұсыныстар (бизнес-жоспар);

– заңды тұлғалар – құрылтай құжаттары (нотариалдық кәнседе растаған) көшірмесін, олардың өкілдерінің уәкілдігін растайтын құжаттар;

– жеке тұлғалар – тапжық немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттар көшірмесі;

– дәрі-дәрмекпен айналысатын тұлғалар үшін, нотариатпен растаған лицензия көшірмесі.

Өтініштер ақпараттық хабарлама шыққаннан бастап, тендер өткізілуіне бір күн уақыт қалған күнге дейін. 18.00-ге дейін қабылдайды. Өтінім қабылданғын мекенжай.

Талдықорған қаласы, Жансүгіров к-сі, 111-үй, 401-бөлме.

Қосымша ақпараттарды:

8 (7282) 273-627 телефон арқылы алуға болады.

Тендер өтетін жай: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі 111, 401-бөлме.

Қолдап әркез қасиетті құраным.

Қолдап әркез қасиетті құраным,
Тілім, дінім, салт-дәстүрім-ұраным.
Ата заңмен арайланып таң атсын,
Тәуелсіздік шырқалады жыр-әнім,
Еркіндіктің ұшсын самғап қыраны,
Бейбіт-еңбек қолдан түспес құралым.

Егеменді елім бар

Жетпіс жылдай бодан болып орысқа,
Батыр, ақын, зерігерлер, бақ-ұста.
Халқымызда өнерлілер көп болған,
Атағымыз кеткен емес алысқа,
Еңбекте де жеткем талай табысқа.

Еңбекте де жеткем талай табысқа,
Бірақ түсін, ат қоса алмай жарысқа.
Қызыл кеңес құрбаны боп намысым,
Күштілерім қала берді қағыста,
Қарсыласын жеңіп тұрып алысқан.

Қарсыласын жеңіп тұрып алысқан,
Қол алысып, туыс болып табысқан.
Суға кетіп тас қармаған жауында,
Аман-есен күткаруға болысқан,
Қонақ күтсе қарсы алады нан ұстап.

Қонақ күтсе қарсы алады нан ұстап,
Жақсылыққа жол болсын деп бағыштап.
Ал бүгінде егеменді елім бар,
Батырларым үшты көкке, ғарышқа,
Солар хабар әкеліп жүр Марстан.

Батырларын ұшырып көк ғарышқа,
Ана бөлер күн-бесікке бала ұстап.
Өркениетті елу елге кірем деп,
Көрінбекпін ерен еңбек табыстан.
Жерім байтақ орнап жатыр Бақстан.
Қазақ білсең, ұлы халық данышпан.

АСҚАҚ ТҰРЫП СОҚ ДАБЫЛ


Балалардың рухымен кеңескем,
Өзіңменен бекіп білім тең өскен.
Егеменді елдігіме бүгінгі,
Қол жеткізген аруақ-ұран емес пе ең.

Жаңа заман, жаңа дәуір өркендеп,
Еңсем биік көрінсе екен ертең деп.
Көкбайрақ ту желбірейді көгімде,
Елтаңба тұр елдігімді көркемдеп.

Жүрегімнің отын үрлеп маздаған,
Әнұраным жыр боп үйтқып қоздаған.
Егеменді елдің жайын бүгінгі,
Ақын емес ой толғатып жазбаған.

Алға ұмтылып өмір атты от дабыл,
Толқып келіп жанарыма тоқта кіл.
Егеменді елім, өзің ән-жырым,
Биіктерден асқақ тұрып соқ дабыл.

Жұмабек ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ,
Ақын, ҚР білім беру ісінің үздігі,
Еңбек ардагері.



Тәуелсіздік жыр-әнім



Дүние не боп кеткен, астан-кестең,
Біреу жүр соғып бастан, біреу төстен.
Шыңғырған жас қыздардың ащы даусы,
Шығады, ал біреулер танған естен.

Қарақшы қансыратып бойжеткенді,
Шашын жұлып, ұрады қол жеткенді.
Су шашып, зорлап, күштеп, итке салып,
Солдаттар аяр емес, жол кескенді.

Жастар шықты тәуелсіз қосын қостап...

Рухы қайсар қазақ кетті әлемге,
Айналып «тырналардай» өтті өлеңге.
Намысын қолдан бермей тажал күшке,
Көш бастаған Жас Алаш - сен кемеңгер.

Шеберхан РЫСҚҰЛОВ,
Өтенай ауылы.

ӨМІРДЕН БЕ, ӨЗІМНЕН БЕ, БІЛМЕЙМІН

ҚАЖЕТ Андас 1974 жылы 22маусымда ҚХР Іле қазақ, облысы Құнес ауданында туылған. Қытай еліндегі мәдени төңкеріс - онда қоныстанған қандастарымыздың басына ауыр зобалаң салып, келешегіне ойлана қарайтын халге жеткізген кезде дүниеге келген сәбиге «Қажет» деп ат берген аталары ұлкен үміт күткен болар. Иә, атажұртын аңсап жеткен бауырымыз халық қажетінен шыға алады дейтін тілекпен бір топ өлеңін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.



ДОСТЫҚ

Ойымда сан қиялдар тізбектеліп,
Тағы бір көктем келді күзді өткеріп.
Дос-жаран қашқалақтап алыс кетті,
Шара не, жүргеннен соң мұз бөктеріп.
«Жүрген» де ауыр ойда, бір ауылдас,
Халімді сұрап қайтты ізден келіп.
Бойыма тоғытпаушы-ем жайшылықта,
Ой-жүйкем қалды ауыр қайшылықта.
Алаөкпе ессіздерді дос деп біліп,
Өзіңді теңеппін-ау жай шыбыққа.
Көңілдің, көркемдіктің терең мәнін,
Адамдар біледі екен таршылықта.
Бағызұр, сен алдымда тұрсың күліп,
Жүректі шымшыды ұят күрсіндіріп.
Жолдастың жолдастығы қиналғанда,
Басқалар бұдан кейін жүрсін біліп.
Адамның адамдығы ішкі ойында,
Кеттің сен бұл шындықты түсіндіріп.
Ой бөлмей бақыт, рахат, азабыма,
Кір жағып жүріппін-ау таза арыма
Мән беріп мәртебе мен сымбаттыға,
Қалыппын әділ өмір мазағына.
Достық деген мұраттың соңғы шыңы,
Жолдасың мейлі хан ба, жазалы ма.
Рахмет, түсінігі терең құрбым,
Ішінде жүрмесеңде өлең-жырдың.
Жанынан табылғаның үлкен медет,
Торласа зәуде ғалам біреуді мұң.
Достыққа үстірт қарап келіппін-ау,
Достықтың қымбат мәнін сенен білдім.

ТІРІ ЖҮРМІН

Аққулар аппақ қанат айдындағы,
Көп болды өздеріңнен айырылғалы.
Жалынды жанарына мұң ұялап,
Қажеттің күлазуда жәдір жаны.
Көңілім көңіліңмен ортақ еді,
Мекендеп жүр екенсің қай жылғаны.
Арымның тазалығы - аппақтығың,
Жанымның жалынындай асқақтығың.
Сен де бар іңкәрлікпен тағынып-ем,
Кеудеге махаббаттың аппақ гүлін.
Құштар боп сұлулыққа жүре-тұғын,
Сезімім сенсіз қалай таппақ тыным.
Айдын көл айырылмас кең төсегің,

Мынау дархан табиғаттың еркесі едің.
Жабықсам сенен қуат алушы едім,
Жанымды жайсыздықпен өртесе мұң.
Кешіреміз, әрине, келте ғұмыр,
Торламасын жанарды келте сенім.
Тілі бір деген сөз бар сыры бірдің,
Өткен күн іздерінен мұны білдім.
Кейде мен дұрыс жауап таба алмаймын,
Сырына осы нәзік қылығымның.
Айырылсаң қосағыңнан тірі қалмайсың,
Мен байқұс іш құсамен, тірі жүрмін.

АҚЫНЫ ЖОҚ АУЫЛДА

Біз кімбіз, біз ақынбыз, білесіңдер,
Тарихпен аты бірге жүретіндер.
Тірлікте «Ой соқты бір пенде еді» деп,
Өлген соң жақсылықты үйесіңдер.
Бала мінез жандарды түсінбестен,
Жаланың жалауына ілесіңдер.

Қаламға жарқын, нұрлы ар үйіп көп,
Отырамыз ой қуып, сарылып кеп.
Ақиқатты анықтау бізге парыз,
Ойламаймыз, әрине, жариық деп.
Тірлік жайлы қарасын пайымдайтын,
Ақыны жоқ ауылда тарихы жоқ.
Сан қуанып, басың да жылап елес,
Дұрыстық пен бұрыстық құрады егес.
Ақ-қарасын парықтау қиын келер,
Қарт тарихтың талқысы оңай емес,
Күйбең күйкі, тірлікпен санаспайтын,
Нағыз ақын болуда оңай емес.

Жағынуда жоқ бізде, бетке қарау,
Арды-әділет, жанарды өпкен алау.
Қаржы билеп барады қадіріңді,
Дұрыстығын айтсаңшы, хақ тағала-ау.
Қасиетті халықтың ақындары,
Қауырсыннан қадірсіз боп барады-ау.

БАР МА ЕДІ ӘЛДЕ

Әкеңді күнде ойлайсың,
Бар ма еді әлде, жоқ па деп.
Ойға да мүлде тоймайсың,
Қиялды тергер сот та жоқ.
Атылмай қалдық амал не?
Болатты тесер оқтар ек!
Бақыттан жастай кеш қалып,

Тата алмай ана сүт, асын.
Шешеңді кейде еске алып,
Қайғыңды ішке жұтасың.
Тағдырға жаным шара не,
Қуратты ерте бұтасын.
Қиялдан арман туындап,
Көрсетпей жақын-алысын.

Сан сұрақ баста шуылдап,
Күресіп жүрсің жан үшін.
Тәңірден сұрап ал, әне,
Білетін істің барысын.

Сағыныш

Сезілмейтін салқындықтың желі ызғып,
Екеумізді жаратқандай егіз ғып.
Тәтті үйқыда жататұғын балбырап,
Тәтті күннің септеулерін неге үздік.
Құмар қылар ащыға да, тәттіге,
Тірлік деген тынымы жоқ еміздік.
Мен бір бейбақ, бастан нұрлы күн ауған,
Сен бас алмай жүрсің білем, жылаудан.
Сағыныштың басылмауы табиғи,
Біздің сезім сағынышта сыналған.
Өмірден бе, өзімнен бе, білмеймін,
Неге менен алыстады сол арман?
Тағдырымның мазақтаған қыры ма?
Душар болдым бұрыс ойдың сынына.
Басам мәнсіз жүрегімнің дірілін,
Саған деген сағынышқа жылына.
Мәнсіз күннің жетпейді екен шаттығы,
Тәтті күннің азап артқан мұңына.
Өз бақытын қадірлемей бұл басым,
Басып алды қырыс ойдың тұнбасын.
Жақсы күндер мұнарланып кетті алыс,
Азапты ойлар болды менің сырласым.
Бұдан кейін бірге болу жазбаса,
Тағдыр бізге сағынышын сыйласын.